

**ХАТТАМА**

Алматы қаласы

«13» сәуір 2023 жыл

Байқау кеңесі отырысының № 1 хаттамасы

**Алматы қ. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ «Қалалық кардиологиялық орталық» КМК
Байқау кеңесінің отырысы**

Кәсіпорынның толық атауы: Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық кардиологиялық орталық» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 93

Отырысты өткізу нысаны-бейне байланысты пайдалана отырып, бетпе-бет дауыс беру.

Отырысты шақырудың бастамашысы - Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық кардиологиялық орталық» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі-Кәсіпорын).

Дауыс беруге қатысатын Байқау кеңесінің мүшелері:

Несіпқалиев А.Ж. – «Сенім» ДСЖЖСО» РКБ Алматы филиалының төрағасы

Имангалиева Л.Т. – Алматы қ. ҚДСБ басшысының орынбасары

Кенекеева А.Е. - №4 ҚҚА заңгері

Буркитбаев Е.Ә. – «Астана медицина университетінің» аға оқытушысы

Кодасбаев А.Т. – ҚҚО директоры

Байқау кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум-бар және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының және Алматы қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 4/568 "Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі туралы" қаулысымен бекітілген талаптарына сәйкес келеді.

Шақырылғандар – 1

1. Оспанов К.Б.

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ КҮН ТӘРТІБІ

1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Қалалық кардиологиялық орталығы» КМК Байқау кеңесінің төрағасын сайлау.

2. Байқау кеңесі хатшысын және оның жалақысын бекіту.

Күн тәртібін жариялау қорытындысы бойынша дауыс беру ұсынылды:

"Қарсы емес" - 5 дауыс (Несіпқалиев А.Ж., Имангалиева Л.Т., Кенекеева А.Е., Буркитбаев Е.Ә., Кодасбаев А.Т.)

"Қарсы" - 0 дауыс

"Қалыс қалды" - 0 дауыс

Күн тәртібі бойынша Байқау кеңесінің шешімі:

Ұсынылған күн тәртібі бекітілсін.

ТҮНДАЛДЫ:

ҚКО Байқау кеңесінің мүшесі А.Т. Кодасбаев:

- Құрметті әріптерестер, бұгін біз Байқау кеңесінің төрағасын сайлауымыз керек. Кімде қандай ұсыныс бар, айтсаңыздар?! Мен «Сенім» ДСЖЖСО» РКБ Алматы филиалының төрағасы Несіпқалиев Алмат Жұматұлына тоқаталғым келіп отыр. Тәжірибесі мол осы кісіге қалай қарайсыздар?

ҚКО Байқау кеңесінің мүшесі Е.Ә. Буркитбаев:

- Мен келісемін.

ҚКО Байқау кеңесінің мүшесі А.Е. Кенекеева:

- Мен де келісемін.

ҚКО Байқау кеңесінің мүшесі Л.Т. Имангалиева:

- Мен де келісемін.

ҚКО Байқау кеңесінің мүшесі А.Т. Кодасбаев:

- Сіз не дейсіз Алмат Жұматұлы?

ҚКО Байқау кеңесінің мүшесі А.Ж. Несіпқалиев:

- Егер барлығыңыз маған сенім артып отыrsaңыздар, мен келісемін!

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ШЕШІМІ:

1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Қалалық кардиологиялық орталығы» КМК Байқау кеңесінің төрағасы болып Несіпқалиев Алмат Жұматұлы тағайындалсын.
2. Байқау кеңесінің хатшысы болып К.Б. Оспанов тағайындалсын, ең төменгі айлық жалақы мөлшерінде еңбекақы бекітілсін.

Төраға: Несіпқалиев А.Ж.
Хатшы: Оспанов К.

